

А.А. Утеулиева*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
 (e-mail: aigerim.telman@mail.ru)*

Бейвербалды амалдардың ұлттық нышан ретінде орыс және ағылшын тілдеріне аударылуы (Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романы негізінде)

Қазақ тіліндегі көркем шығармалардың сапалы аудармасының болмауы, шетелде қазақ шығармаларына деген қызығушылықтың төмендігіне әкеледі. Бұл қазіргі кезде қазақстандық аударматанудың өзекті мәселесіне айналған. Осы орайда шет тілдеріне аударылған шығармаларға кешенді талдау жасау арқылы қазақ мәдениетіне тән ерекшеліктерді аударылатын тіл арқылы жеткізудің жолдарын табу қажеттілігі туындап жатыр. Бұл — тек әдеби мәтіннің тілдік мазмұнын ғана емес, сонымен қатар ұлттық дүниетаным, мәдени ерекшеліктер мен бейвербалды кодтарды да шетелдік оқырманға барынша дәл жеткізуді талап етеді. Осы аспектілерді елемей аударманың толықтығы мен мәдени адекваттылығына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан көркем аудармада бейвербалды амалдардың берілуін зерттеу — отандық аударматанудың әрі теориялық, әрі қолданбалы бағытында маңызды қадам болып саналады. Сонымен қатар, мұндай зерттеулер ұлттық мәдениет пен тілдің жаһандық кеңістікте танылуына, мәдени диалогтың нығаюына және шетелдік оқырман санасында қазақ болмысының терең бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді. Мақалада көркем әдебиет мәтіндеріндегі ұлттық-мәдени бейвербалды амалдарды аудару мәселесі қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романы және оның орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары алынған. Жұмыста бейвербалды коммуникация ұлттық кодтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде сипатталады. Аудармалар арқылы қазақ мәдени ерекшеліктерін шетелдік оқырманға жеткізудің өзектілігі мен маңыздылығы айқындалады. Қазіргі таңда қазақ ым-ишараларына арналған сөздіктер бар болғанымен, бейвербалды амалдардың көркем аудармада берілуіне қатысты салыстырмалы зерттеулер жеткіліксіз. Бұл жағдай зерттеудің ғылыми жаңалығын арттырады. Зерттеудің мақсаты — ұлттық бейвербалды белгілердің (ым-ишара, мимика және т.б.) қазақ тілінен орыс және ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктерін анықтап, мәдени бейімделу үдерісін зерделеу. Аудармада қолданылатын негізгі стратегиялар ретінде — доместикация (мәдени бейімдеу) мен форенизация (мәдени бөгілікті сақтау) тәсілдеріне, сондай-ақ сипаттамалық және калькалық әдістерге ерекше назар аударылған. Зерттеу барысында салыстырмалы, семантикалық және контекстуалдық талдау әдістері қолданылды. Қазақ тіліндегі түпнұсқа мен оның аудармаларынан алынған мысалдар негізінде бейвербалды амалдар жүйеленіп, олардың трансформация сипаты, дәнекер тілдің ықпалы және ұлттық реңкті жеткізудегі қиындықтар талданды. Зерттеу нәтижесінде бейвербалды амалдарды адекватты аудару үшін аудармашыға тілдік біліммен қатар мәдени-фондық ақпарат қажет екені анықталды. Көркем мәтіндегі бейвербалды амалдардың дәл және мәдени тұрғыдан үйлесімді берілуі — автор идеясының сақталуына және оқырманға кейіпкер бейнесін дұрыс ұғынуға ықпал етеді.

Кілт сөздер: бейвербалды амалдар, көркем аударма, дене тілі, ым-ишара, доместикация, форенизация.

Кіріспе

Қазіргі тіл білімі мен мәдениеттану ғылымында коммуникацияның маңызды элементі ретінде мәдени, эмоционалдық ерекшеліктерді ашатын бейвербалды белгілерді зерттеуге көп көңіл бөлінеді. Бейвербалды амалдары немесе бейвербалды коммуникация құралдары — бұл тілді қолданбай ақпаратты беру тәсілдері — мимика, ым-ишара, адамның тұрысы, көз, кеңістік қатынасы және интонация. Бұл белгілер вербалды қарым-қатынасты толықтырып қана қоймайды, сонымен қатар эмоциялар мен мәдени ерекшеліктерін жеткізе отырып, оны алмастыра немесе күшейте алады.

Б. Момынова бейвербалды амалдарды тегіне қарай — ұлттық, кірме және универсалды түрлерге бөле отырып, барлық бейвербалды амалдардың ұлттық сипаты өзге сипаттарына қарағанда басым болатынын атап өтеді. Себебі әр халықтың ым-ишараты оның мәдениетімен тығыз байланыста болады. «Коммуникант адамзат мәдениетімен, тарихымен, түрлі салт-дәстүрлері жайлы мәліметі мол, терең білімді болса, дене тіліне қарап адамның қай ұлт өкілі екенін анықтай алады» [1; 135]. Сол себепті аудармашы этикетінің бір маңызды шарты — аударатын тілдермен қоса, сол тіл

* Хат-хабарларға арналған автор. e-mail: aigerim.telman@mail.ru

халықтарының мәдениетімен, тарихымен, экономикалық және басқа да салаларымен таныс болу. Мысалы Болгария елінде мақұлдауды білдіретін ишара барлық әлемдегідей басты изеу арқылы емес, тарихи себептерге байланысты қарама-қарсы басты шайқаумен көрсетіледі. Сол сияқты қазақы тілдік бейнеде де әдет-ғұрыпқа, күнделікті тұрмыс, амандасу, қоштасу, тыйым салуға және т.б. байланысты ым-ишаралардың ұлттық нышандарын байқауға болады.

Бейвербалды белгілерді зерттеу шетел ғылымында ХХ ғасырдың ортасында, Р. Бердвистелл және П. Экман антрополог, психолог ғалымдарының мінез-құлықтың бейвербалды көріністерін белсенді түрде зерттеген кезде басталды. Атап айтқанда, П. Экман эмоциялардың эмбебаптығы теориясын жасап, белгілі бір мимика барлық мәдениеттерде бірдей түсіндірілетінін дәлелдейді [2]. Бұл мәдениетаралық коммуникация саласындағы зерттеулерге жаңа серпін беріп, әртүрлі мәдениеттердегі бейвербалды белгілердің сипаттамаларын зерттеуге түрткі болды. Ресей ғылымында бейвербалды белгілерді зерттеу лингвистика мен психологияда белсенді дамыды. Е.Г. Крейдлин дене тілі, ым-ишара және паралингвистикаға арналған еңбектерінде коммуникацияның бейвербалды аспектілерін, олардың типологиясы мен мәдени ерекшеліктерін зерттейді [3]. Отандық ғылымда бейвербалды белгілерді зерттеу белсенді дамып келеді. Қазақ тіл білімінде бейвербалды амалдарды зерттеген ғалымдардың қатарында: Б.Қ. Момынова, С.Б. Бейсенбаева, А.Д. Сейсенова, Ж.Қ. Өміралиева, Ж. Нұрсұлтанқызы, С. Мағжан, П. Ешимов, В.Д. Нарожная т.б. бар. [4; 41] Қазақстандық ғалымдар әдебиет пен аудармадағы мәдени кодтың сақталуына көбірек көңіл бөлуде. Қазақ тіліндегі бейвербалды белгілерді зерттеу ұлттық бірегейлікті сақтауға және мәдениетаралық қарым-қатынаста мәдени ерекшеліктерді жақсы түсінуге ықпал етеді.

Бейвербалды коммуникация мен көркем шығармалардағы бейвербалды амалдардың маңыздылығын және олардың аударылу ерекшелігін зерттеуге үлес қосқан ғалымдардың ішінде Ф. Пойатосты атап өтуге болады. Өзінің еңбегінде, ол жазушы, оқырман мен көркем шығарма қарым-қатынасындағы бейвербалды амалдардың маңыздылығын атап өтеді. Оның айтуынша, аударманың ең басты қиындықтарының бірі — ым-ишаралар немесе мәдени-спецификалық мінез-құлық сияқты бейвербалды элементтерді аудару. Аудармашылар паралингвистикадағы мәдени айырмашылықтарды ескермесе, маңызды нюанстарды жоғалтуы мүмкін, бұл кейіпкерлерді басқа мәдени контексте қабылдауға әкеледі [5].

Барбара Корте бейвербалды белгілерді көркем шығарманың аса маңызды бөлігі деп есептейді. Оны келесідей түсіндіреді: «Кез келген вербалды қарым-қатынаста мимика, ым-ишара қаншалықты маңызды орын алса, көркем әдебиетте де олардың қолданысы тек көркемдік әсер ғана беретін құрал емес. Мәтіндегі бейвербалды амалдар оқырманға кейіпкерді тануға немесе кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты түсінуге көмектесетін құрал болып табылады. Бейвербалды белгілер — көркем шығармада маңызсыз болып көрінгенімен, оқырман назарынан жиі тыс қалып кететін өмірлік маңызды белгілер» [6].

Г. Нажимова бейвербалды амалдарды жазушылық өнерінің ең көркем және пайдалы құралы деп есептейді. Оның айтуынша, жазушы бейвербалды амалдар арқылы кейіпкердің қимыл-қозғалысының көрнекілігін оқырман санасында бейнелейді және бұл өнер кітап бетінде қозғалатын жансыз кейіпкерлер емес, шынайы адамдар ретінде әрекет етуі мен көрінуі үшін өте маңызды [7].

Көркем шығармадағы бейвербалды амалдарды аударудың қиындықтары мен олардың себебін өзінің мақаласында У. Айжун келесідей сипаттайды: Көркем әдебиетте бейвербалды құралдарды қолданудың бірқатар ерекшеліктері бар, өйткені олар көбінесе мәтінде белгілі бір тілдік құрылымдар арқылы беріледі. Аудармашы кейіпкердің бейнесін, киімін, шаш үлгісін, ым-ишаралар мен қимылдарын өз көзімен көре алмайды және сөйлегенін өз құлағымен ести алмайды: сөйлеу жылдамдығы, қарқыны, дауыс ырғағы және т.б. Осы жағдайлардың барлығында аудармашы мәтіндегі кейіпкерді сипаттайтын сөздер мен сөйлемдерге ғана сене алады. Бұл жағдайлар аударма кезінде кедергілерге әкеледі: аудармашы бейвербалды құралдардың коммуникативті мағынасын дұрыс түсініп, аудармадағы ұлттық реңкті сақтай отырып, оның мағынасын дұрыс жеткізуі керек [8].

Зерттеу өзектілігі: Шетел аудиториясына қазақ халқына тән бейвербалды амалдарының аударылу дәрежесін зерттеу маңызды деп есептейміз. Алайда отандық ғылымда оның вербалдануын, әсіресе көркем аударма тілінде зерттелуі кемшін. Аудармадағы берілу сипатының қарастырылуы бірді-екілі ғана көрініс табады. Біртілдік зерттеулерде болмаса, салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу тұрғысынан қарастырған жұмыстар жоқ десек те болады.

Зерттеу мақсаты: Әбдіжәмил Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романындағы ұлттық-мәдени бейвербалды элементтердің орыс және ағылшын тілдеріне аудармасының ерекшеліктерін анықтау.

Ұлттық ым-ишараттарды, мимикаларды және басқа да бейвербалды белгілерді беруде аударма стратегияларын талдауға (доместикация және форенизация) ерекше назар аударылады. Зерттеу көркем мәтіндегі бейвербалды амалының аудармасының адекваттылығын және мәдени контекстің сақталуын анықтауға, сондай-ақ қазақ мәдениетіне тән бейвербалды элементтерді аударуға байланысты қиындықтар мен оларды шешу жолдарын анықтауға бағытталған.

Материалдар және деректерді талдау

Зерттеу нысаны ретінде алып отырған бейвербалды амалдарын Кеңес дәуірі тұсында қазақ сөз өнерінің еншісіне айналған халықаралық деңгейдегі Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романына негізделіп зерттеуді жөн көрдік. Бұған бірнеше себеп бар:

1. *Ұлттық ерекшеліктері мен мәдени мұрасы:* романда қазақ халқының Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі өмірі, оның ішінде көшпелі өмір элементтері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер жан-жақты суреттелуі оны ұлттық болмыс пен мәдениетті зерттеудің маңызды дереккөзіне айналдырады.

2. *Бейвербалды элементтердің көптігі:* шығармада аударудан қиындық тудыратын, ерекше назар аударуды қажет ететін қазақтың ұлттық бейвербалды белгілері (ым-ишара, мимиканы қамтитын мәдени ғұрыптар) жиі кездеседі.

3. *Ағылшын тіліндегі аударманың болуы:* Қазіргі кезде қазақ тіліндегі көркем шығармалардың ағылшын тіліне жасалған сапалы аудармалар саны кемшін. Соның ішінде, дәнекер тіл арқылы емес, тікелей жасалған аудармалар саны тіпті аз. Аталған романды да ағылшын тіліне дәнекер тіл арқылы аударған. 1980 жылы Юрий Казаков орыс тіліне аударса, 2013 жылы ағылшын тіліне орыс тілі арқылы Кэтрин Фитцпатрик (Catherine Fitzpatrick) аударған. Сол себепті, бұл романды, үш тіл тұрғысынан, яғни түпнұсқа мәтіні мен оның орыс және ағылшын тілдеріне аудармаларын салыстырмалы талдау тура келеді.

Демек, көркем шығармадағы мәдени контекстің сақталуы мен аударма стратегиясын талдау үшін «Қан мен тер» романы ауқымды дерек көзі ретінде тандалды.

Зерттеу барысы келесі кезеңдерден тұрады:

– Дайындық кезеңі: зерттеу мәтінін тандау — Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романы және орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары.

– Эмпирикалық кезең: үш тілдегі материал негізінде деректерді жүйелі жинау, талдау және бейвербалды белгілердің ерекшеліктерін анықтау.

– Жүйелеу және ұйымдастыру кезеңі: Жиналған эмпирикалық материалды ерекшеліктеріне қарай топтарға жіктеу, кейінгі талдауға дайындау.

– Нәтижелерді шығару кезеңі: зерттеу нәтижесінде алынған ақпаратты салыстырып талдау, соның негізінде аудармашылардың қолданған аударма стратегиясын анықтау.

Зерттеу әдістері

Зерттеу мақсатына жету үшін келесі әдістер қолданылды:

Салыстырмалы талдау: бұл әдіс түпнұсқа мен аудармалар арасындағы бейвербалды белгілердің берілуіндегі айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Салыстырмалы талдау аудармашылардың бейвербалды элементтерді орыс тілді және ағылшын тілді аудиторияға қалай бейімдегенін анықтауға, сондай-ақ аударма процесінде мәдени мағынаның жоғалуы немесе трансформация дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

Семантикалық талдау: бұл әдісті қолдана отырып, түпнұсқа мәтіндегі және аудармалардағы бейвербалды белгілердің мағыналары, ұлттық ерекшеліктерінің сақталу дәрежесі зерттелді. Семантикалық талдау аударма барысында қандай мағынаның сақталғаны, қайсысы өзгергенін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Мәнмәтіндік талдау: зерттеу түпнұсқа мәтінде бейвербалды белгілер қолданылатын мәдени контексті ескере отырып жүргізілді. Бұл әдіс сөздер мен бейвербалды элементтер арасындағы өзара әрекеттестік жалпы мағынаны қалай құрайтынын көруге және аудармаларда бұл әрекеттестіктің қаншалықты адекватты түрде берілгенін бағалауға мүмкіндік береді.

Дистрибутивтік талдау әдісі: ұлттық нышанды дене тілді фразеологизмдердің дәлме-дәл эквивалентін таппаған кезде, оны сипаттауға тура келеді. Зерттеудің дистрибуциялық әдісі сөздің мағынасын ескере отырып, контекст негізінде дұрыс аударманы тандауға, сондай-ақ әртүрлі тілдердегі сөздердің ұқсас мағынасын анықтай отырып, аударма баламасын анықтауға мүмкіндік береді.

Бейвербалды амалдарының аударылу тәсілдері

Қазақ тіліндегі бейвербалды амалдарының аудармасындағы әдістемелік ерекшеліктер көркем мәтіннің ұлттық болмысын сақтау және шетелдік оқырманға мәдени реңкті жеткізу мақсатында түрлі аударма стратегияларын қолдануды талап етеді. Әсіресе, ұлттық бейвербалды амалдарын аударуда доместикация, форенизация және сипаттамалық аударма әдістері маңызды рөл атқарады.

Ұлттық бейвербалды амалдар — әдет-ғұрып, салт-дәстүрге, діни наным-сенімге байланысты (шашу, сарқыт беру, бата беру, ауыз ашу, дәрет алу, Құран оқыту, т.б.) іс-әрекеттерді білдіретін ым-ишараларды жатқызамыз.

Сондай-ақ, ұлттық бейвербалды құралдарға әлеуметтік маңыздылығы бар заттарды, «мәдени рәміздерді» жатқызуға болады: киім, көлік және оны жүргізу тәсілі, арнайы жол белгілері, макияж және т.б. — олардың иесі туралы белгілі бір мәдени ақпаратты жеткізеді. Бейвербалды қарым-қатынаста амалдардың көп бөлігі ұлттық шартты контексте әр түрлі түсіндірілуі, яғни белгілі бір жасырын мағынаға ие болуы мүмкін. Мысалы, «адамдардың күнделікті қарым-қатынасында бейвербалды амалды қолданушы адам оған белгілі бір мағына үйлестірсе де, сол амал бағытталған адам оны мүлдем басқаша түсіндіре алуы мүмкін. Сондықтан ғалымдар сөздердің, қимылдардың және адам позаларының ашық және жасырын мағынасының бар екенін айтады» [9].

Ұлттық бейвербалды амалдар — әдетте, күнделікті өмірде жасалатын әрекет болғанымен, шетел оқырманына бірден байқауға қиын болатын, астарында бір ұлттық ерекшелігі не мағынасы болатын ым-ишаралар. Мысалы, қазақ дүниетанымындағы ер мен әйел адамның жүріс-тұрысы, үлкен мен кішінің қарым-қатынасы (*көзін төмен түсіру* — әйелдерге тән сыпайылық белгісі, *бетін жырту, шашын жаю* — қаза болған адамды жоқтау кезінде әйелдердің іс-әрекеттері, *төрге отырғызу* — құрметті, үлкен кісіні үйдің ең биік жеріне отырғызу, құрмет белгісі) — қазақ мәдениетімен таныс емес аудармашыға қиындық туғызады, себебі халық мәдениеті жайлы терең білімді қажет етеді.

Аударма стратегиялары бейвербалды белгілерді бейімдеу процесінде шешуші рөл атқарады, аудармашыларға қандай мәдени элементтер мен ұлттық ерекшеліктерді сақтау керектігін және қайсысын аудиторияға бейімдеу керектігін шешуге мүмкіндік береді. «Аударма стратегиясы» ұғымы ХХ ғасырдың ортасында пайда болды және түпнұсқаның мағынасын, стилін және мәдени дәмін сақтауға мүмкіндік беретін әдістер мен тәсілдерді таңдауға негіз болды. Ю. Найда және Г. Вермеер сияқты аударма теоретиктері алғаш атап өткен аударма стратегиялары мәнмәтін мен мақсатты аудиторияға байланысты мәтіндермен жұмыс істеудің әртүрлі тәсілдерін ұсынады. Қазіргі аударматануда стратегиялардың ішіндегі *доместикация* және *форенизация* терминдерін алғаш рет қолданысқа енгізген Л. Венутидің айтуынша, доместикацияда түпнұсқа мәтіні көп қысқартуларға ұшырағанымен, стратегия авторды оқырманға барынша жақындатады. Ал форенизация кезінде түпнұсқа тілінің мәдени ерекшеліктері сақталып, керісінше оқырман авторға жақындайды [10, 51]. Аудармашының таңдаған аудару стратегиясына байланысты әр аударылатын шығарманың жаңа интерпретациясы пайда болады.

Шлейермахердің айтуынша, аудару барысында белгілі бір стратегияны ұстанған аудармашы, сол стратегияны соңына дейін қатаң ұстануы керек, себебі екі стратегияны қатар қолдану, жазушыны да, оқырманды да түпнұсқадан алыстатады [11]. У. Эко өзінің еңбегінде Шлейермахердің көзқарасына қатысты келесі пікір айтады: «бір стратегияны қатаң ұстану — тек Инжіл секілді ежелгі жазбаларға немесе бізден мүлдем алыс мәдениетке қатысты қолдануға ғана болады. Ал заманауи мәтіндерде бұл критерий икемді болуы керек. Қазіргі кезде стратегияны ұстану — оқырманға немесе түпнұсқаға қарай бейімдеу — тек бөлек алынған фразаларға қатысты қолданылатын критерий» [12].

1. *Аударма стратегиялары және олардың қолданысы:*

Доместикация (мәдени бейімдеу): Оқырманға мәтінді жеңілдетіп, өз мәдениетіне жақындатуды көздейді. Мысалы: «ауыз ашу» — «To have dinner after the day's fast» (сипаттамалық аударма арқылы қазақы ұғым жеткізілген).

Форенизация (мәдени бөгде реңкті сақтау): Түпнұсқа тілдің ерекшелігін сақтауға бағытталған. Мысалы: «Ақсақал, төрге шығыңыз!» — «Aksakal, come to the tor!» (ағылшын мәтінінде транслитерация арқылы аударылып, төменде анықтамалық сілтеме қосылған: «Tor — the highest place in the home», «Aksakal — Literally, «white bearded one»).

2. *Ұлттық бейвербалды амалдардың аудару әдістері (1-кесте):*

	Ұлттық бейвербалды амал	Дәнекер тілде	Аударма тілінде	Аудару әдісі:
1	Қайным-ау, саған үйленудің керегі жоқ екен. Бір үйге әйел болуға жарап қапсың. — Енді <i>басыңа ақ салсаң</i> жетіп жатыр.	«О деверек наш, тебе и жениться не надо, — пели они. — Ты сам не хуже любой бабы. Тебе теперь только <i>жаулық на голову надеть...</i> »	«Oh, brother-in-law', you need to get married,» they would giggle «You yourself are no worse than any female. You just have to put a <i>jaulyk on your head</i> ».	<i>Түсіндірме әдісі</i>
2	Иінағашын сыртқа қалдырып, екі шелек суды алды да, <i>шолтысы сылдырап, сызыла басып ішке кірді.</i>	В эту минуту, оставив коромысло на улице, с двумя ведрами воды <i>вошла Акбала.</i>	Just at that moment, <i>Akbala came in</i> , leaving her yoke outside, and carrying two pails of water.	<i>Түсіпін тастай әдісі</i>
3	Қысы-жазы күн түспей қаракөленкеленіп тұратын <i>даладай лабазда</i> қазақ-орыс қатындарының жаулығы ағараңдайды.	<i>В огромном, как сарай, лабазе</i> , одинаково прохладном и темном зимой и летом, белели <i>платки</i> и жаулықи русских и казашек.	<i>In the large shop, like a barn</i> , equally cold and dark winter and summer, <i>the kerchiefs</i> and the <i>jaulyki</i> of the Russian and Kazakh women were shining white as the women were <i>cleaning the fish</i> .	<i>Сұнатмай әдісі</i>
	Әлиза қабын тастай салды да, мола жанына тізе бүкті. <i>Құран оқыды. Дұғасын бағыштады.</i>	Ализа бросила мешок и опустилась на колени. <i>Помолвившись</i> , она стала убирать могилы, относя подальше перекати-поле и мусор, согнанные ветром.	Aliza dropped her sack and sunk to her knees <i>After saying a prayer</i> , she began sweeping the graves, removing the tumbleweeds and refuse blown in by the wind	<i>Калька әдісі</i>
	Кенжекейде ес қалмады. Қызыл-ала топ тақап келе бергенде кемпірлер етегіне толтырып алған құрт-ірімшікті <i>уысын толтыра көсіп алып шаша бастады.</i>	Кенжекей окружили старухи, начали <i>бросать ей шашу</i> : баурсаки, конфеты и курт.	The old women began to <i>shower gifts</i> on Kenjekey boursaks, candies, and kurt.	<i>Адантация әдісі</i>

Нәтижелер

Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романы доместикация мен форенизация стратегиялары үйлестіре аударылған.

- *Форенизация стратегиясының белгілері:*

Орыс және ағылшын тілдерінде мәдени ерекшелікті көрсететін көптеген ұлттық атаулар транслитерация әдісі арқылы аударылған.

Орыс тілінде: *байбише, джигит, мурза, пиала, аул, сары бала, Тентек Шодыр, таксыр*, «Мурза, байгази бир!», «*И ты зуряят, — с едкой печалью думал он. — Единственная плоть от Пусыра! Горе, горе... Ой-дайт десейше!*».

Ал ағылшын тіліне дәнекер тіл арқылы аударылғандықтан, қазақ-орыс сөздер мен тіркестер аралас аударылған. Мысалы, *karakatyn* (A nickname meaning «black-faced woman»), *zemlyanka* (An earthen hut, of ten dug out of the side of a hill), *jaulyk* (Headdress and veil worn by women of Central Asia), *aul* (Central Asian village), *akkempir* (respectful nickname. It means literally «white-skinned old woman), *jigit* (skilled horseman), *murza* (aristocratic title in some Turkish states), *aga* (a term of respect).

- *Доместикация стратегиясының белгілері:*

Бейвербалды амалдарды аударуда оқырманға жат мәдени атаулар мен бейвербалды амалдарды доместикация стратегиясын ұстанып, түсіндіру, бейімдеу, сипаттау аударма әдістері қолданылған.

«Ә, Алдекең ауыз ашуға отырған екен», — деп ойлады [13; 24].

«Ah!» thought the rider. «Aldeke was planning to have dinner after the day's fast» [14; 39].

Бұл сөйлемде «ауыз ашу» тіркесі ағылшын тіліне тура аударғанда «күндізгі ораздан кейінгі кешкі ас ішу» (to have dinner after the day's fast) деп сипаттау әдісі арқылы аударылған.

Талқылау

Ұлттық бейвербалды амалдар белгілі бір салтпен, әдет-ғұрыппен байланысты болғанымен, кейде әлемдік деңгейде де адамдар арасындағы қарым-қатынаста жиі қолданылатын әмбебап ишаралар кездеседі. Солардың бірі әлемнің көптеген халықтарының арасында қолданылатын, сәлемдесуді, құрмет көрсетуді білдіретін — *сәлем беру* ишарасы. Ол көбінесе Азия елдері мен Үнді халықтары арасында таралғанымен, басқа елдерде де кәсіптік, дипломатиялық жағдайларда қолданылады. Сәлем беру ишарасы көрсетілген мысал:

<i>Түпнұсқа тілінде:</i>	<i>Дәнекер тілде:</i>	<i>Аударма тілінде:</i>
Иінағашын сыртқа қалдырып, екі шелек суды алды да, шолпысы сылдырап, сызыла басып ішке кірді. Үй толы кісіні ішке кіргесін көріп, бұл ауылға жақында түскен жас келіншек именшектеп қысылып қалды. Күндесі жаққа қарамауға тырысты. Төр алдында дөнбектей боп отырған көк сақалды, ірі денелі софыға бұрылып, <u>көп ішінен оның бір өзіне ілтипат етіп, оң тізесін сәл бүгіп сәлем берді</u> [13; 299].	В эту минуту, оставив коромысло на улице, с двумя ведрами воды вошла Акбала. Все повернулись к ней, стали ее разглядывать, будто видели впервые. Акбала смутилась, быстро огляделась, перехватила ненавидящий взгляд байбише, увидела в глубине юрты возвышавшегося, как пень, сивобородого массивного Алдабергена и, <u>чуть согнув правое колено, учтиво поклонилась</u> [14; 227].	Just at that moment, Akbala came in, leaving her yoke outside, and carrying two pails of water. Everyone turned toward her and began looking her over as if they were seeing her for the first time. Akbala was embarrassed and looked around rapidly, catching the hateful look of the baybishe, and noticing in the back of the yurt, rising like foam, the massive grey-bearded sofy. <u>Bending her knee, she curtsied reverently</u> [15; 291].

Қазақ, орыс және ағылшын мәдениеттерінде ежелден келе жатқан сәлем салу дәстүрі бар. Олардың кейбір қимылдары сәл ерекшеленгенімен, жалпы бұл ишараның мағынасы мен жеткізер ақпараты бірдей: амандасу, құрмет, сый білдіру. Әдетте иіліп сәлем салу ишарасы үш мәдениетте де сыйлы, жолы үлкен кісілерге құрмет білдіру мақсатында жасалып, оны орындайтын, қабылдайтын адамдардың әлеуметтік мәртебесіне тікелей байланысты болады. Ағылшын мәдениетінде әлі күнге дейін Ұлыбритания патшайымына сәлем салынса, орыс мәдениетінде ежелде қонаққа кірер кезде, атағы үлкен кісілерге арналып жасалған, бірақ бүгінгі күні бұл ишара түрі жойылып кеткен. Англияда сәлем салу қазақ мәдениетіндегі сияқты тек әйелдердің ишарасы болса, орыс мәдениетінде иіліп сәлем салуды ер адамдар да, әйел адамдар да орындаған. Бұл ишара түрі үш мәдениетке де ортақ болғандықтан, аударма жағынан эквивалентті деп айта аламыз.

Сәлем беру ишарасынан басқа бұл мәнмәтінде ауылға жаңа түскен жас келіннің бейнесі ашылады: сызыла басып ішке кіру, именшектеу, қысылу, шашқа тағылған шолпысының сылдырлауы — жаңа түскен келінге, жас қызға тән бейвербалды амалы. Алайда олардың ешқайсысын орыс тіліндегі аудармада да, ағылшын тіліндегі аудармасында да аудармашылар көрсетпеген. Яғни өз мәдениетіне жат түсініктерді түсіріп тастау — доместикацияға тән әдіс. Алайда біздің ойымызша, доместикацияның бұл әдісі түпнұсқа мәдениетінің ерекшелігін мүлдем жоққа шығарып қояды. Бұл жерде аудармашы доместикация стратегиясын таңдаған болса, оны сипаттау әдісін қолданса, адекватты аударма туындар еді. Мысалы, *Akbala entered the house with a modest step, ringing jewelry in her braids.*

Романда қазақ қызы бейнесіне автор ерекше көңіл бөлгенін байқауға болады. Жас қыздан кәрі кемпірге дейінгі кейіпкерлердің, әйелге тән жағымды, жағымсыз қылықтар, әртүрлі мінез бен көңіл-күй қалыптарын автор ерекше шеберлікпен баяндайды. Орыс және ағылшын аудармасында бейвербалды амалы арқылы сипатталған қазақ әйелінің образын жеткізу маңызды деп ойлаймыз, себебі ол шетел оқырмандарына қазақ халқының болмысын бір қырынан ашып көрсетеді. Әйел бейнесін автор әртүрлі ұлттық бейвербалды амалдар арқылы берген: сәлем салу, ұлттық киімді кию амалдары.

Қазақтың ұлттық киімдері — әйелге тән бейвербалды амалдарының маңызды бөлігін құрайды. Романдағы Ақбаланың қос етек көйлек пен жаулықты кию әдісін сипаттайтын мысал:

<i>Түпнұсқа тілінде:</i>	<i>Дәнекер тілде</i>	<i>Аударма тілінде:</i>
Ақбала қай кезде де бойын сәңдей білетін. Бұрынғысына қарағанда бұл жолғы киімдерінің сәні мүлде бөлек. Үстінде қос етек ақ торғын көйлек, басында ақ жібек шәлі. Басқа әйелдердей бетін жаулықпен жарылай бүркеп тұмшалап тартпағаны да жарасып тұр. Ақ жібек жаулық жас келіншектің онсыз да үлбіреген аппақ жүзін айқындап ашып, қасы, кірпігі қап қара боп қиыла қапты [13; 20].	Она и раньше любила наряжаться, но тут уже как-то Еламану нехорошо даже стало — лучшее платье надела. Лучшее шелковое платье с двойной оборкой, и белой шелковой шалью покрыла голову, и лица не закутала, как должно было бы. Знала, знала, что лицо у нее нежно и бело, а по белому и нежному — угольные ресницы, и брови, и аспидно-черный влажный блеск глаз! [14; 12]	The once-proud nomad woman had known how to dress up in the past. The murza immediately noticed that her white satin dress with the double flounce had clearly been sewn, at her wish, with a wide skirt and loose waist, which expertly hid her visible belly [15; 23].

Біздің ойымызша, ағылшын тіліндегі аудармада жаулық тағудың ерекшелігі ашылмаған. Түпнұсқада жаулық әдетте жарылай бүркеп тұмшалап тағылатыны, бірақ Ақбала оны екі шетін қайырып желкесіне байлағаны және оны әйел болған кезде киетіні жазылған. Бұл ақпарат шетел оқырмандарына жаулық жайлы көп ақпарат беретіні сөзсіз. Оны былай аударуды ұсынар едік: *She did not wear a white silk jaulyk* on her head as women usually did, but twisted both ends and tied it lightly around her neck which made her more beautiful.*

* *Headdress and veil worn by women of Central Asia.*

Қазақ әйелі бейнесін ашатын ұлттық бейвербалды амалдарына қазақ қызының мінезіне тән ибалық, сыпайылық, инабаттылық сынды мінез-құлық ерекшеліктерін сипаттайтын бейвербалды амалдарын жатқызамыз.

Келесі мысалда ағылшын аудармасының түпнұсқадан сәл ауытқып кеткені байқалады. Ол аудармашының өз интерпретациясы да болуы мүмкін, не болмаса түпнұсқаны толық түсінбеуі салдарынан орын алуы да мүмкін. Себебі мәтінде қазақ әйеліне тән мінез-құлық сипатталған.

<i>Түпнұсқа тілінде:</i>	<i>Дәнекер тілде:</i>	<i>Аударма тілінде:</i>
Ақбала «ә» дегенде сұп-сұр боп кеткен-ді. Бірақ тез есін жиып, бет-өңін билеп ала қойды. Істеп жатқан шаруасын қоя сап, жүгіріп барып күйеуінің су киімдерін қолынан алды. Ошақ жанында үюлі жатқан отын үстіне тастай салғысы кеп бір тұрды да, ол ойдан бірақ тез айнып пешке жайды. Онан тағы күйеуінің бабын істеп, пеш үстіне төсек салды [13; 19].	И Акбала что-то уж слишком быстро подбежала к мужу, взяла, выхватила у него мокрый полушубок, развесила над огнем, а потом, стоя на коленях, приготовила ему постель возле печки. Никогда она не встречала его так, никогда так не суежилась [14; 12].	Akbala timidly approached her husband, picking up and shaking the wet parka. She took it up, but then not knowing what to do, hesitated and bustled about for a moment. Then she threw it down on a pile of brushwood near the stove. Moving slowly, as if against her will, she began to make up the bed for Elaman near the stove [15; 20].

Берілген мысалдардан Ақбала сасып қалғаннан күйеуіне бұрын көрсетпеген қамқорлығын көрсетіп, мырза қонақ алдында күйеуінің бабын бар күшпен істеп жатқаны суреттеледі. Ағылшын тіліндегі мәтінде берілген Ақбаланың бейвербалды амалы түпнұсқаға мүлдем қарама-қарсы ақпарат беріп тұрғанын көруге болады. Қазақ пен орыс мәтіндерінде Ақбала сасып қалғаннан (*жүгіріп барып, быстро подбежала к мужу*), ал ағылшын мәтінде Ақбала өз еркіне қарсы істеп жатқандай, баяу қимылдап төсек салуы (*moving slowly, as if against her will*), оның күйеуіне деген енжарлығын көрсетіп тұрғандай. Жалпы қонақ алдында белгілі бір жағдайға наразылық білдіріп, мінез көрсету — қазақ дүниетанымына жат нәрсе. Ақбаланың қонақ жігітке деген ренішін тек бір рет сазара қарағаны арқылы көрсеткенінен байқауға болады. Ағылшын тілінде ол (*With angry obstinacy her face grew pale, giving away all the sorrow festering in her soul*) «ішін өртеп жүрген ызасы сұрланып кеткен бетінен көрінді» деген сөйлеммен берілген, бұл аудармамен біз келісеміз. Бірақ баяу қозғалып, бейне өз еркіне қарсы төсек салғандай деп аудару түпнұсқа идеясына қарама-қайшы келіп тұр. Оны ағылшын тіліне түпнұсқадағыдай «қысылмай, қымсынбай төсек салды» деп — *without hesitation and embarrassment she made up bed for Elaman* деп аударған дұрыс деп санаймыз.

Төмендегі мысалдарда қазақ ауылында тұратын орыс әйелінің бейвербалды амалы жайлы баяндалады және оның қазақ қыздарының жүріс-тұрысынан өзгеше екені көрсетілген:

<i>Түпнұсқа тілінде:</i>	<i>Дәнекер тілде:</i>	<i>Аударма тілінде:</i>
Басындағы қызыл шыт орамалын жөндеп тартып тұрып, үстіне кірген кісіге асықпай, анықтап қарап алды. Бәрінен бұрын оның қайратты сұлу тұлғасына қызықтап қарап, нәпсі сезім жас көңілдің түкпірінен сұңғақтанып бой көрсетіп қалғандай болды. Еламан бұрын-соңды әйел баласында дәл мұндай әдепсіздікті көрмеген-ді [13; 51].	Увидев Еламана, она присела к столу и стала разглядывать его. <i>Казахов она не любила, брезговала</i> , но Еламан ей понравился. Еламан не привык стесняться с женщинами. Но он знал только своих, казашек, а те были смиренные, скромные с мужчинами. <i>И еще они были привычно смуглы, черны волосом и глазами</i> [14; 37].	At Fyodorov's house everyone was awake, and the young blonde woman was pounding something near the stove in the kitchen. Seeing Elaman, she sat down at the table and <i>began to look him up and down without a hint of embarrassment</i> . Elaman was embarrassed and tried not to look at her [15; 49].

Байқап отырғанымыздай, орыс тіліне ұлттық-этникалық қарама-қайшылық белгіленіп, аудармашы қосымша ақпарат беріп, оқырманға бейімдеп, түсіндіріп аударған (*те были смиренные, скромные с мужчинами. И еще они были привычно смуглы, черны волосом и глазами*). Бірақ жағымсыз эмоциялық бояу қосылған (жеркену, менсінбеу). Ал ағылшын аудармасында мәдени элементтер жоғалып, бейтараптық сақталған. Ұлттық реңкті берудің ең тиімді тәсілі — аралас стратегияны қолдану болар еді: мәдени элементтерді сақтап (форенизация), эмоциялық бояуды оқырманға бейімдеу (доместикация). Осылайша оқырман мәдени айырмашылықты да, кейіпкердің эмоциялық күйін де сезіне алады. Түсіріп тастау әдісінің орнына келесі сөйлемді ағылшын мәтініне қосуға болар еді: *Adjusting her red headscarf, she slowly and deliberately examined the man who had entered the room. Her eyes lingered on his strong, well-built figure. Elaman was embarrassed because usually Kazakh women were humble and timid with men.*

Ұлттық бейвербалды амалдар күнделікті тұрмысқа байланысты ишараларда жиі кездеседі. Олар қазақ халқында күнделікті қолданылғандықтан үйреншікті болып көрінеді және назардан тыс қалып кетуі мүмкін. Мысалы сондай ишараның бірі төменде берілген — *кесені төңкеру, кесенің бетін алақанмен басу* қазақ халқының арасында танымал дастархан басында шайға қанығуды немесе ас ішіп болғанды білдіретін, күнделікті тұрмыста қолданылатын ишара түрі. Оның аймаққа байланысты түрлері де болады: кесені төңкеру не қисайту, кесені алақанымен басу, бетін алақанымен сипау, қасықты төмен қарата кесенің үстіне кою, дастарқаннан шегіне отыру [1; 151].

<i>Түпнұсқа тілінде:</i>	<i>Дәнекер тілде:</i>	<i>Аударма тілінде:</i>
Жас жігіт келуін келсе де, енді бұл үйден қалай шығып кеткенше асығып, шайды да бір шыны аяқ ішті де, <i>кесесін қисайта салды</i> [13; 87].	Из вежливости он выпил одну чашку чаю и тут же <i>перевернул ее</i> [14; 65].	Out of politeness, he drank one cup of tea and then immediately <i>turned it over</i> [15; 82].

Берілген мысалдарда орыс және ағылшын аудармаларында түсіріп тастау әдісі қолданылған, алайда бұл аударма әдісімен оқырмандарға кесені төңкеріп қоюдың мәні түсінікті болмай қалуы мүмкін. Сол себепті аудармашы түсініктеме беріп кеткені дұрыс болар еді. Мысалы: *Out of politeness, he drank one cup of tea and then immediately turned it over, meaning he was full.*

Иіс сезіну мен иістік теңеулер ұлттық бейвербалды амалдарға жатады. Себебі тек белгілі бір жерде туып-өскен адам ғана сол елдің ұлттық тағамының иісі, табиғат пен қоршаған орта иістерінің ерекшеліктерін түсінеді. Оны шығарманы оқып шыққан шетел оқырманы толығымен бойынан өткізе алмайды. Сол сияқты далада өскен қазақ халқы үшін ыстық сезім тудыратын төменде берілген жусан иісі, салқын қымыз бен ыстық ет, сорпа иістерінің ерекше екені белгілі.

<i>Түпнұсқа тілінде:</i>	<i>Дәнекер тілде:</i>	<i>Аударма тілінде:</i>
Сосын көңіліне қобалжу енді ме, жүрегі лүпілдеп бара жатқасын баяу жел астында ырғалып тұрған бір түп жусанға қол созып, жалғыз талын жұлып алды. Тастай салғысы кеп тұрды да, әлденеге мұрнына апарды. <i>Ой-хой, дала шөбінің осы бір тыныс ашар иісі-ай!</i> [13; 438].	Чтобы успокоиться, он нашарил, не глядя, чуть качавшийся под слабым ветерком пучок полыни, сорвал его. Казаки <i>накатывались стремительно, уже хорошо можно было разглядеть всадников. Не отрывая взгляда от них, Еламан жадно нюхал полынь — это его успокаивало</i> [14; 293].	His heart knocked In order to calm himself, without looking, he broke off a piece of sagebrush waving in the weak wind The Cossacks were racing forward, the horsemen were already visible Without taking his eyes off them, <i>Elaman hungrily sniffed the sagebrush — and this calmed him</i> [15; 507].
— Қайран дала!.. Жарықтық, жусан дәрі гой! [13; 346]	— Эх, степь родная... <i>Милая ты моя, жегучая полынь!</i> [14; 226]	He then caught the pungent scent of fresh sagebrush « <i>Oh, my native steppe</i> » [15; 399].

Жусан иісімен байланысты естеліктер дәрі сияқты кез келген жағымсыз ойларды кетіреді, сағынышты басады, тыныштандырады. Автор осы ақпаратты романда жиі қолданады. Ол орыс және ағылшын тілдеріне түсініктеме, қосымша ақпарат беру арқылы доместикация стратегияның әдістері қолданылып ұтымды аударылған деп ойлаймыз. Бірінші мысалда орыс және ағылшын аудармаларында жусан иісі Еламанды тыныштандыратыны жазылған. Екінші мысалда орыс тілінде жусан иісінің ыстық сезім тудыратыны «милая» сөзі арқылы, ал иісінің ерекшелігі «жгучая» сөзі арқылы берілген. Ал ағылшын тілінде иіс ерекшелігі жайлы ақпарат беретін «pungent» (ащы), «fresh» (балғын) сөздері, сондай-ақ осы иістің ыстық екенін *my native steppe* тіркесі арқылы берген.

Түпнұсқа тілінде:	Дәнекер тілде:	Аударма тілінде:
Сүр ет пен құрт езген сорпаның иісі айыға қоймаған қапырық, ыссы үйдің ауасына тұмсығын төсеп, көзін бір ашып, бір жұмып манаурап жатқан-ды [13; 53].	В доме еще пахло мясом и жирной сорпой* с разведенным куртот*. Абейсын, хоть и наелся, подставлял нос под этот священный запах и блаженствовал. *Сорпа — мясной бульон. *Курт — сухой овечий сыр [14; 39].	The home still smelled of meat and sorpa*, mixed with kurt*. Abeyсын, although he had eaten his fill, raised his nose to this blessed smell and was in bliss [15; 74]. *sorpa — fatty bouillon * kurt — dried, salted cheese

Сүр ет пен құрт езген сорпаның иісін шығармада сөзбен жазып түсіндіру мүмкін емес шығар. Орыс және ағылшын аудармаларында бұл иісті — *священный, blessed* (қасиетті) деп сипаттайды және оны иіскеген кезде (адам қуанышқа бөленіп, рақаттанады) — *блаженствовать, to be in bliss* деп доместикация стратегиясының сипаттау әдісі арқылы ұтымды берген.

Қорытынды

Жұмысымызда бейвербалды амалдардың аударылуы арнайы қарастырылды. Ә. Нұрпейісовтің көркем мәтініндегі ұлттық бейвербалды амалдардың сапалық талдауы жүргізілді. Романдағы ұлттық бейвербалды амалдарды аударудағы қиындықтар мен оларды түзетудің бірнеше жолдарын 2-кестеде ұсынып отырмыз.

2 - кесте

Ә. Нұрпейісов романында ұлттық бейвербалды амалдарын аударудағы қиындықтар және шешу жолдары

Түпнұсқа	Аударма тілінде	Талдау	Түзету жолдары
Тымағы мен етігін сосын шешті.	He took off his treukh.	Treukh — дәнекер тілден (орыс — треух) енген сөз.	He took off his tymak* * fur hat with two side ears, forehead and one back flap
Шолпысы сылдырап, сызыла басып ішке кірді.	Akbala came in.	Әйелге тән бейвербалды амалдар аудармада түсірілген.	Akbala entered the house with a modest step, ringing jewelry in her braids.
Басқа әйелдердей бетін жаулықпен жарылай бүркеп тұмшалап тартпағаны да жарасып тұр.	-	Аударма берілмеген.	«Unlike other women, who tightly wrapped their jaulyks around their faces, she let hers drape loosely, giving her a graceful look». *headdress and veil worn by women of Central Asia.
Онан тағы күйеуінің бабын істеп, неш үстіне төсек салды.	Moving slowly, as if against her will, she began to make up the bed for Elaman near the stove.	Ағылшын аудармасындағы бейвербалды амалдар түпнұсқаға қарама-қарсы ақпарат беріп тұр.	Without hesitation and embarrassment she made up bed for Elaman
Еламан бұрын-соңды әйел баласында дәл мұндай әдепсіздікті көрмеген-ді.	Elaman was embarrassed and tried not to look at her.	Қазақ әйеліне тән мінез-құлық ерекшеліктері ашылмаған. Түсіндіруді талап етеді.	Elaman was embarrassed because usually Kazakh women were humble and timid with men.
Шайды да бір шыны аяқ ішті де, кесесін қисайта салды.	He drank one cup of tea and then immediately turned it over.	Кесені төңкерудің мағынасы ашылмаған. Түсініктеме қажет.	He drank one cup of tea and then immediately turned it over, which meant that he was full.

Романда кездескен аударма қиындықтарының себептері:

– Мәдени контекстің жетіспеушілігі: бейвербалды амалдарды аудару аудармашыдан терең аялық білімді талап етеді. (Ақбаланың мінез-құлық ишаралары ағылшын аудармасында дұрыс жеткізілмеген: *Moving slowly, as if against her will, she began to make up the bed for Elaman near the stove*).

– Эквиваленттің болмауы: Қазақ мәдениетіне тән кейбір ишаралардың тура баламасы жоқ. (Кесені алақанмен жабу — ағылшын тілінде мәдени контексті түсіндіруді қажет етеді).

– Дәнекер тілдің қолданылуы: «жерқазба» сөзі орыс тіліне «землянка» деп аударылып, нәтижесінде ағылшын тіліне де транслитерация әдісі арқылы «zemlyanka» деп аударылып қалған. Алайда «землянка» сөзінің қазақ тіліне, мәдениетіне қатысы жоқ екені ағылшын аудиториясына белгілі емес. Сол сияқты, романда дәнекер тілден қалған бірнеше сөздер көрініс табады: *volost* (traditional administrative subdivision in pre-revolutionary Russia, ostensibly for self-government, abolished later by Soviet government), *volovstnoy* (elected chief of the volost, or district), *treukh* (fur hat with two side flaps and one back flap), *tyubeteyka* (embroidered skullcap), *sharovary* (wide trousers), *bogatyr* (epic hero), *deverek* (brother-in-law).

Көркем шығарманы аударушысының міндеті — аударылатын тілдің, мәдениеттің ерекшеліктерін, ұлттық болмысын тереңірек тану.

Қорыта келгенде, романды аударуда аралас стратегияны ұстану тиімді. Доместикация арқылы сипаттамалық, түсіндірме әдісті қолданып, ұлттық бейвербалды амалдардың мәдени ерекшелігін сақтап, шетелдік оқырманға түсінікті етеді, ал форенизация арқылы ұлттық мәдени реңкті сақтап қалуға көмектеседі. Ал аудармашының мәдени контекстке терең бойлауы мен тілдік бейімділігі аударманың сапасын арттырады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Момынова Б.Қ. Қазақ ым-ишараттары: сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде / Б.Қ. Момынова. — Алматы: Арыс, 2016. — 496 б.
- 2 Ekman P. Basic Emotions. Handbook of Cognition and Emotion / P. Ekman, In T. Dalgleish, M. Power (Eds.). — New York: Wiley, 45–60 p.
- 3 Крейдлин Г.Е. Невербальная семиотика в ее соотношении с вербальной. Невербальная семиотика в ее соотношении с вербальной: автореф. дис. ... д-ра филол. наук: 10.02.19. / Г.Е. Крейдлин. — Москва, 2000. — 68 с.
- 4 Муратова А.Н. Бейвербалды амалдардың зерттелуі және функционалдық қызметі / А.Н. Муратова, У. Бахтикереева, Ш. Мажитаева // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2023 — № 1(109) — Б. 39–45.
- 5 Poyatos F. Textual translation and live translation: the total experience of nonverbal communication in literature, theater and cinema / F. Poyatos. — Amsterdam: John Benjamins, 2008 — 365 p.
- 6 Korte B. Body Language in Literature / B. Korte. — Toronto: University of Toronto Press, 1997. — 329 pp.
- 7 Najimova G. Non-verbal behavior and body language in literature / G. Najimova // Materials of the XVII International scientific and practical Conference Cutting-edge science (2020, May 20) Sheffield: Science and Education LTD, 2020 — P. 179–181.
- 8 Айжун У. О препятствиях при переводе невербальных средств в художественной литературе / У. Айжун // Иностранная филология: язык, литература, образование. — 2018. — 3(2 (67)). — С. 34–41.
- 9 Гетманенко Н.В. Невербальные средства общения: трудности перевода в иной культурной среде [Электронный ресурс] / Н.В. Гетманенко // Гуманитарный вектор. Серия: Философия, культурология. — 2013 — № 34. — С. 125–131. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/neverbalnye-sredstva-obscheniya-trudnosti-perevoda-v-inoy-kulturnoy-srede>
- 10 Venuti L. The Translator's Invisibility / L. Venuti — New York: Routledge, 1995 — 351 p.
- 11 Шлейермахер Ф. О разных методах перевода: Лекция, прочитанная 24 июня 1813 г. [Электронный ресурс] / Ф. Шлейермахер // Вестник МГУ. Сер. 9: Филология. — 2000 — № 2. — С. 127–145. — Режим доступа: www.philol.msu.ru/~discours/images/stories/Schleiermacher.doc
- 12 Эко У. Сказать почти то же самое. Опыты о переводе / У. Эко. — СПб.: Symposium, 2006 — 480 с.
- 13 Нұрпейісов Ә. Қан мен тер: (Трилогия) / Ә. Нұрпейісов — Алматы: Жазушы, 1973. — 840 б.
- 14 Нурпейсов А. Кровь и пот: (Трилогия) / А. Нурпейсов, авторизованный перевод с каз. Ю. Казаков. — 2-е изд. — Алма-Ата :Жазушы, 1980 — 656 с.
- 15 Nurpeisov A. Blood and sweat / A. Nurpeisov, translated from Russian by C. Fitzpatrick — New York: Liberty Publishing House, 2013 — 768 p.

А.А. Утеулиева

Перевод названий языка телодвижений как национальный символ на русский и английский языки (На материале переводов романа А. Нурпеисова «Кровь и пот» на русский и английские языки)

Отсутствие качественного перевода казахских художественных произведений на иностранные языки приводит к снижению интереса к казахской литературе за рубежом. Эта проблема в настоящее время становится одной из актуальных задач казахстанского переводоведения. Возникает необходимость в комплексном анализе переведённых текстов с целью поиска эффективных стратегий передачи культурно-национальных особенностей казахского менталитета средствами переводимого языка. Это требует внимания не только к лексическим и стилистическим аспектам, но и к невербальным кодам, таким как жесты, мимика, телодвижения, обладающим культурной маркированностью. Игнорирование подобных элементов может привести к потере смысловой полноты и снижению культурной адекватности перевода. В этой связи исследование способов репрезентации и адаптации национально-специфичных невербальных элементов в художественном переводе приобретает не только теоретическую, но и практическую значимость для развития отечественной переводческой науки. В статье рассматривается проблема перевода национально-специфичных невербальных средств в художественных текстах на примере романа «Кровь и пот» Абдизамила Нурпеисова и его русского и английского перевода. Исследование акцентирует внимание на лингвокультурной значимости невербальной коммуникации, рассматриваемой как составная часть национального кода. Актуальность темы обусловлена необходимостью точной передачи культурных реалий казахской действительности, таких как жесты в переводах, направленных на иностранную аудиторию. Несмотря на наличие казахских словарей жестов, в научном пространстве Казахстана отсутствует сопоставительный анализ передачи невербальных элементов в художественном переводе, что придаёт исследованию научную новизну. Целью исследования является выявление особенностей вербализации и перевода невербальных жестов и мимики с казахского на русский и английский языки с учётом культурной адаптации. Особое внимание уделяется стратегическим подходам перевода: доместикации (адаптация под целевую культуру) и форенизации (сохранение культурной особенности), а также описываются случаи, когда применяется пояснительный или калькированный перевод. Методология включает сравнительный, контекстуальный и семантический анализ, опирающийся на сопоставление оригинального текста и его переводов. В статье классифицированы национальные невербальные средства, приведены примеры их трансформации при переводе, а также рассмотрены трудности перевода, которые обусловлены отсутствием прямых эквивалентов и влиянием промежуточного языка (в данном случае — русского). Результаты показывают, что качественная передача невербальных компонентов требует от переводчика не только знания языка, но и глубоких фоновых знаний о традициях и национальном менталитете. В завершение подчёркивается, что интеграция невербальных средств в перевод способствует более точному воспроизведению авторского замысла и формированию адекватного образа персонажей в глазах читателя другой культуры.

Ключевые слова: невербальные знаки, художественный перевод, язык телодвижений, «Кровь и пот», мимика и жесты, доместикация, форенизация.

А.А. Uteuliyeva

Translation of body language as a national symbol into Russian and English (On the materials of Russian and English translations of the novel “Blood and sweat” by A. Nurpeisov)

The lack of high-quality translations of Kazakh literary works into foreign languages has led to a noticeable decline in interest toward Kazakh literature abroad. This issue has become a pressing concern within the field of Kazakh translation studies. Therefore, there is an urgent need for a comprehensive analysis of translated texts to determine effective strategies for conveying Kazakh cultural and national features through the target language. This article addresses the issue of translating culturally-specific nonverbal means in literary texts, using the novel “Blood and Sweat” by Abdizhamil Nurpeisov and its Russian and English translations as a case study. The research emphasizes the linguocultural value of nonverbal communication, considering it an integral part of the national semiotic code. The relevance of the study is determined by the need to accurately convey Kazakh cultural realities like gestures to international audiences through translation. Although several dictionaries of Kazakh gestures exist, there is a clear lack of comparative analysis of nonverbal elements in literary translation within Kazakhstani scholarship — thus making this research timely and original. The aim

of the study is to identify the strategies and challenges involved in the verbalization and translation of national nonverbal signs — such as gestures and facial expressions — from Kazakh into Russian and English, with a focus on cultural adaptation. Special attention is given to the translation strategies of domestication (adapting for the target culture) and foreignization (preserving cultural uniqueness), along with the use of descriptive and calque translation methods. The methodological framework includes comparative, semantic, and contextual analysis, based on a contrastive study of the original Kazakh text and its Russian and English versions. The paper classifies nonverbal signs, demonstrates how they are transformed in translation, and highlights the complexities arising from the lack of direct equivalents and the influence of the intermediary (pivot) language — Russian. The findings indicate that successful translation of nonverbal elements requires not only linguistic proficiency but also deep background knowledge of the source culture. The study concludes that the proper integration of nonverbal cues enhances the interpretative accuracy of character representation and helps preserve the author’s intended cultural atmosphere for readers from other linguistic backgrounds.

Keywords: Non-verbal signs, translation of fiction, body language, Blood and sweat, facial expressions and gestures, domestication, foreignization.

References

- 1 Momynova, B.K. (2016). *Qazaq ym-isharattary: soileu etiketi men qatysym madenietinde [Kazakh gestures: Speech etiquette and communication culture]*. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 2 Ekman, P. (1999). Basic emotions. In T. Dalgleish & M. Power (Eds.). *Handbook of cognition and emotion* (pp. 45–60). Wiley.
- 3 Kreidlin, G.E. (2000). Neverbalnaia semiotika v ee sootnoshenii s verbalnoi [Nonverbal semiotics in relation to verbal communication]. *Extended abstract of Doctor’s thesis*. Moscow [in Russian].
- 4 Muratova, A.N., Bakhtikereyeva, U.M., & Mazhitayeva, Sh. (2023). Bejverbaldy amaldardyn zerttelui zhane funktsionaldyq qyzmeti [The study and functional role of nonverbal means]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologiya seriiasy — Bulletin of Karaganda University. Series “Philology”*, 1(109), 39–45 [in Kazakh].
- 5 Poyatos, F. (2008). *Textual translation and live translation: The total experience of nonverbal communication in literature, theater and cinema*. Amsterdam: John Benjamins.
- 6 Korte, B. (1997). *Body language in literature*. Toronto: University of Toronto Press.
- 7 Najimova, G. (2020). Non-verbal behavior and body language in literature. In *Materials of the XVII International Scientific and Practical Conference Cutting-edge science* (pp. 179–181). Science and Education LTD.
- 8 Ayjun, U. (2018). O prepiatstviiakh pri perevode neverbalnykh sredstv v khudozhestvennoi literature [On the obstacles in translating nonverbal means in literary works]. *Inostrannaia filologiya: yazyk, literature, obrazovanie — Foreign Philology: language, literature, education*, 3(2 (67)), 34–41 [in Russian].
- 9 Getmanenko, N.V. (2013). Neverbalnye sredstva obshcheniia: trudnosti perevoda v inoi kulturnoi srede [Nonverbal means of communication: Translation difficulties in another cultural environment]. *Gumanitarnyi vektor. Seriya: Filosofiya, kulturologiya — Humanitarian Vector. Series: Philosophy, Cultural Studies*, 34, 125–131. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/neverbalnye-sredstva-obscheniya-trudnosti-perevoda-v-inoy-kulturnoy-srede> [in Russian].
- 10 Venuti, L. (1995). *The translator’s invisibility*. New York: Routledge.
- 11 Schleiermacher, F. (2000). O raznykh metodakh perevoda: Lektsiia, pročitannaia 24 iunია 1813 g. [On the different methods of translation: Lecture delivered on June 24, 1813]. *Vestnik Moskovskogo Gosudarstvennogo Universiteta. Seriya 9: Filologiya — Bulletin Moscow State University Bulletin. Series 9: Philology*, 2, 127–145. Retrieved from www.philol.msu.ru/~discours/images/stories/Schleiermacher.doc [in Russian].
- 12 Eco, U. (2006). *Skazat pochti to zhe samoe: Opyty o perevode [Saying almost the same thing. Essays on translation]*. Saint Petersburg: Symposium [in Russian].
- 13 Nurpeisov, A. (1973). *Qan men ter: Trilogia [Blood and sweat: Trilogy]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 14 Nurpeisov, A. (1980). *Krov i pot: Trilogia [Blood and sweat: Trilogy]* (2nd ed., Y. Kazakov, Trans.). Almaty: Zhazushy [in Russian].
- 15 Nurpeisov, A. (2013). *Blood and sweat* (C. Fitzpatrick, Trans.). Liberty Publishing House (Original work published in 1980).

Information about the authors

A.A. Uteuliyeva — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: agerim.telman@mail.ru